**"Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы**

Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 9 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 608 қаулысына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына және "Түркістан облысы Сайрам ауданының әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемасын бекіту туралы" Сайрам аудандық маслихатының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы №9-67/VIII шешіміне сәйкес Түркістан облысы әкімі аппараты басшысының 19.12.2023 жылғы № 01-2638-Қ/Х қызметтік жазбасын қарай келе, Сайрам ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" және "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемелеріне бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 30.01.2024 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекесесінің ережесі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Осы қаулының 1-тармағында көсетілген мемлекеттік мекемелерді заңнамада белгіленген тәртіппен әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын.

5. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік мекемелерді бөлу балансы бекітілсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Оразалиевке жүктелсін.

*Аудан әкімі* *А.Сәбитов*

Сайрам ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 18 қаңтардағы
№9 қаулысына 1 қосымша

**"Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік орган) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын саласында қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

"Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы,жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

2. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай –ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік орган туралы ереже Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

4. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жалыған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

5. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан жасайды.

6. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық- құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "

Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Мемлекеттік органның құрылтайшысы – "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі болып табылады. БСН-020940000997.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, Жібек –жолы көшесі, 95 үй, индексі 160800, телефон: 8( 72531)5-94-18.

12. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілер мен "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары, құқықтары, міндеттері мен функциялары

14. Мақсаттары:

• Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығықызметін көрсету бойынша мемлекет саясатын жүзеге асыру.

15.Өкілеттіктері:

1)Құқықтары:

• мемлекеттің мүдделерін ұсыну және соттарда, барлық меншік нысанындағы ұйымдарда оның мүліктік құқықтарын қорғау;

• тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қызметтерді жетілдіру туралы аудан әкіміне және орындаушы органдарға ұсыныстар енгізу;

• мемлекеттік органдардан және басқада мекемелерден "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүктелген функцияларды жүзеге асыру мақсатында мәліметтерді сұрату;

• "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзіретіне қатысты аудан әкімінің өкімін, аудан әкімдігінің қаулысын, және маслихат шешімін жобаларын даярлауға қатысу;

• Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, заңды тұлға ретінде барлық құқықтарды пайдалану;

Міндеттері:

• тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын дамытуда, инвестицияларды тартуда ортақ стратегияны қалыптастыру және іске асыру;

• Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, заңды тұлға ретінде барлық құқықтарды пайдалану;

• көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды ұйымдастырады;

• кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізудің тізбесін, кезеңдерін және кезектілігін айқындатады;

• кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге арналған шығыстар сметасын келіседі;

• кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысады;

• кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау қағидаларына сәйкес бұзушылықтарды жою бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар (ұсынымдар) шығарады;

• пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері өтініш берген кезде кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі есептің болуына тексеру жүргізеді.

• жедел басқару құқығындағы мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру.

• жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау.

• Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзіреті шегінде басқа да құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

• аудан аумағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметін жүзеге асыру;

16. Функциялары:

• жылу желілерін жоспарлы жөндеуді келіседі;

•барлық қуаттағы жылыту қазандықтары мен жылу желілерінің күзгі-қысқы жағдайдағыларды жұмысқа дайындығының паспорттарын береді;

• энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді;

• заң актілеріне сәйкес ауданның коммуналдық меншігін басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

• ауданның комуналдық меншік объектілері мен әлеуметтік- мәдени мақсаттағы объектілер салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырысшы болады, коммуналдық желілер мен құрылыстарды салуға рұқсат береді;

• су құбырларын, тазарту құрылыстарын, жылу мен электр желілерін және инженерлік инфақұрылымдар объектілерінің құрылысын салуды және пайдалануды ұйымдастырады;

• тұрғын үй-жайлардың сейсмикалық беріктігін орнықтыруға бағытталған іс-шараларды өткізеді;

• азаматтық-құқықтық шарттар негізінде мүлікті сатып алу және оны жасау жұмыстарын ұйымдастырады;

• авариялық үй-жайларды бұзуды ұйымдастырады;

• қоғамдық орындарды абаттандыру және сыртқы безендіру мәселелерін шешеді;

• коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жинақталуы нормаларын әзірлеп, аудандық мәслихатқа бекітуге ұсыну үшін, аудан әкімдігіне енгізеді;

• қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін әдістемеге сәйкес есептелген тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету және көму тарифтерін әзірлеп, аудандық мәслихатқа бекітуге ұсыну үшін, аудан әкімдігіне енгізеді;

• коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

• ауданның елді мекендерін абаттандыру мен көгалдандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

• ауданның елді мекендерін санитарлық тазартуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

• өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау мен көму орындарын күтіп ұстауды ұйымдастырады;

• көшелерді, саябақтарды, скверлерді, ирригация жүйелерін, ұңғымаларды және фонтандарды, көпшілік пайдаланатын жерлер мен көріктендіру, ескерткіш нысандарын өз дәрежесінде күтіп ұстауды ұйымдастырады;

• жер учаскесін мемлекет мұқтаж үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шарт жасайды;

• "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген жағдайларда жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарған кезде өтем төлейді;

• инженерлік- коммуникациялық инфақұрылымға жобалау- сметалық құжаттамалар, техникалық экономикалық негіздер жерге орналастыру жобаларын әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді;

• азаматтық- құқықтық шарттар негізінде мүлікті сатып алу және оны жасау жұмыстарын ұйымдастырады;

• тиісті саладағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының белгіленген бөлігінің бюджетке толық және уақтылы аударылуына бақылауды жүзеге асырады;

• "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтырады;

• жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

• елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

• елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қадағалау субъектілеріне қатысты қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

• тұрғын үй инспекциясы туралы ережеге сәйкес кондоминиум объектілеріне мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асырады.

• Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру;

**3-тарау. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

17. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады .

18. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

• мекеменің жұмыс жоспарын бекітеді;

• мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

• сенімхаттар береді;

• заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

• бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыреті шегінде айқындайды;

• Бөлім қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және босатады;

• өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

• мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

• мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы "Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

• азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

• Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

• сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады;

• "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаларға сәйкес айқындайды.

22. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын мекеменің бірінші басшысы басқарады .

**4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

23."Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлкі аудандық коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органның қарамағындағы ведомстволары жоқ.

**6-тарау.Жұмыс уақыты**

27. Мемлекеттік органның жұмыс уақыты Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және өзгеде заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Сайрам ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 18 қаңтардағы
№9 қаулысына 2 қосымша

**"Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік орган)жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомостволары жоқ.

3. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай –ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік орган туралы ереже Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

4. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

5. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан жасайды.

6. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық- құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Мемлекеттік органның құрылтайшысы–"Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі болып табылады. БСН:020940000997.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі"мемлекеттік мекемесі.

11. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, Жібек –жолы көшесі, 95 үй, индексі 160800, телефон: 8( 72531)5-94-18.

12. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілер мен "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

**2-тарау. Мемлекеттік органның миссиясы , негізгі міндеттері, фукциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Мақсаттары:

-Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары қызметін көрсету бойынша мемлекет саясатын жүзеге асыру.

15.Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- мемлекеттің мүдделерін ұсыну және соттарда, барлық меншік нысанындағы ұйымдарда оның мүліктік құқықтарын қорғау;

- жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы қызметтерді жетілдіру туралы аудан әкіміне және орындаушы органдарға ұсыныстар енгізу;

- мемлекеттік органдардан және басқада мекемелерден "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүктелген функцияларды жүзеге асыру мақсатында мәліметтерді сұрату;

- "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзіретіне қатысты аудан әкімінің өкімін, аудан әкімдігінің қаулысын, және маслихат шешімін жобаларын даярлауға қатысу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, заңды тұлға ретінде барлық құқықтарды пайдалану;

Міндеттері:

- жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласын дамытуда, инвестицияларды тартуда ортақ стратегияны қалыптастыру және іске асыру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, заңды тұлға ретінде барлық құқықтарды пайдалану;

- жедел басқару құқығындағы мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру.

- жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау.

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзіреті шегінде басқа да құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

- өз құзіреті шегінде автомобиль жолдарын мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру;

- Сайрам аудандық бюджет деңгейіндегі орталықтандырылған мемлекеттік сатып алудың бірінғай ұйымдастырушысы ретінде әрекет ету.

16. Функциялары:

- заң актілеріне сәйкес ауданның жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары меншігін басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыстар жүргізеді;

- тиісті саладағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының белгіленген бөлігінің бюджетке толық және уақтылы аударылуына бақылауды жүзеге асырады;

- "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтырады;

- жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

- аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары желісін, елді мекендердің көшелерін басқару;

- аудандық маңызы бар, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, Сайрам ауданының шегіндегі өзге де елді мекендердегі көшелерді салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

- аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру;
- жеке және (немесе) заңды тұлғалардың және (немесе) олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарнама қызметі мәселелері бойынша өтініштерін қарау;
- өз құзіреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- жолаушылар мен багажды тұрақты ауданішілік тасымалдауларды ұйымдастыру, олардың маршруттарын бекіту, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастыру және өткізу, маршруттар бойынша жүру кестелерін бекіту;
- жолаушылар мен багажды тұрақты ауданішілік автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру;

**3-тарау. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

17. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады .

18. Бөлімнің бірінші басшысын Сайрам ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Бөлімнің бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

20. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) Бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыреті шегінде айқындайды;

2) Бөлім қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және босатады;

3) Бөлім қызметкерлерін зааңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

4) құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

5) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда өз құзыреті шегінде Бөлімнің мүддесін білдіреді;

6) бөлімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді, сол үшін жеке жауапкершілік алуды белгілейді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

**4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

23. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлкі аудандық коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## 5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органның қарамағындағы ведомстволары жоқ.

## 6-тарау. Жұмыс уақыты

27. Мемлекеттік органның жұмыс уақыты Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және өзгеде заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Сайрам ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 18 қаңтардағы
№9 қаулысына 3 қосымша

## Бөлу балансы "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі және Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесі арасында " 01" қаңтар 2024 жыл

| АКТИВТЕР | Жол коды | "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | | "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі | | "Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Есепті кезеңнің басында | Есепті кезеңнің аяғында | Есепті кезеңнің басында | Есепті кезеңнің аяғында | Есепті кезеңнің басында | Есепті кезеңнің аяғында |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| I. Қысқа мерзімді активтер | | | | | | | |
| Ақшалай қаражат және олардың баламалары | 010 | 8 200,30 | | 0,00 | | 8 200,30 | |
| Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары | 011 | | | | | | |
| Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек | 012 | | | | | | |
| Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек | 013 | | | | | | |
| Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі | 014 | | | | | | |
| Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек | 015 | | | | | | |
| Алынуға тиісті қысқа | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мерзімді сыйақылар | 016 | | | | | | |
| Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі | 017 | | | | | | |
| Жал бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек | 018 | | | | | | |
| Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер | 019 | | | | | | |
| Қорлар | 020 | 191,40 | | 0,00 | | 191,40 | |
| Берілген қысқа мерзімді аванстар | 021 | | | | | | |
| Өзге қысқа мерзімді активтер | 022 | | | | | | |
| Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек | 023 | | | | | | |
| Қысқа мерзімді активтердің жиыны | 100 | 8 391,70 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 8 391,70 | 0,00 |
| II. Ұзақ мерзімді активтер | | | | | | | |
| Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялары | 110 | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі | 111 | | | | | | |
| Жал бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек | 112 | | | | | | |
| Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер | 113 | | | | | | |
| Негізгі құралдар | 114 | 11 155 620,60 | | 3 398 434,60 | | 7 757 186,00 | |
| Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар | 115 | 8638525,6 | | 1369233,7 | | 7 269 291,90 | |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 116 | 219073,1 | | 0 | | 219 073,10 | |
| Биологиялық активтер | 117 | | | | | | |
| Материалдық емес активтер | 118 | 194 056,60 | | 187 650,90 | | 6 405,70 | |
| Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар | 119 | | | | | | |
| Өзге ұзақ мерзімді активтер | 120 | | | | | | |
| Ұзақ мерзімді | 200 | | 0,00 | 4 955 319,20 | 0,00 | | 0,00 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| активтердің жиыны | | 20 207 275,90 | | | | 15 251 956,70 | |
| БАЛАНС | | 20 215 667,60 | 0,00 | 4 955 319,20 | 0,00 | 15 260 348,40 | 0,00 |
| | | | | | | | |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ТАЗА АКТИВТЕР /КАПИТАЛ | | | | | | | |
| Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек | 2 | 3 | 4 | 5 | 4 | 5 | 6 |
| Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек | | | | | | | |
| Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек | 210 | | | | | | |
| Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек | 211 | | | | | | |
| Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек | 212 | | | | | | |
| Ведомстволық есеп айырысулар бойынша | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қысқа мерзімді кредиторлық берешек | 213 | | | | | | |
| Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек | 214 | | | | | | |
| Қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек | 215 | | | | | | |
| Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар | 216 | | | | | | |
| Жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек | 217 | | | | | | |
| Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешектер | 218 | 4 307,60 | | 1 416,60 | | 2 891,00 | |
| Қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері | 219 | | | | | | |
| Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері | 220 | | | | | | |
| Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа | 221 | 8 200,30 | | | | 8 200,30 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мерзімді кредиторлық берешек | | | | 0,00 | | | |
| Қысқа мерзімді міндеттемелерінің жиыны | 222 | | | | | | |
| IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер | 223 | | | | | | |
| Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер | 224 | | | | | | |
| Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек | 300 | 12 507,90 | 0,00 | 1 416,60 | 0,00 | 11 091,30 | 0,00 |
| Жал бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек | | | | | | | |
| Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек | 310 | | | | | | |
| Ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері | 311 | | | | | | |
| Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелері | 312 | | | | | | |
| Ұзақ мерзімді | 313 | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| міндеттемелерінің жиыны | | | | | | | |
| V. Таза активтер/капитал | 314 | | | | | | |
| Күрделі салымдарды сыртқы қарыздармен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру | 315 | | | | | | |
| Резервтер | 400 | | | | | | |
| Жинақталған қаржылық нәтиже | | | | | | | |
| Таза активтер/капитал жиыны | 410 | | | | | | |
| БАЛАНС | 411 | | | | | | |
| Балансдан тыс шоттар | 412 | 20 356 981,00 | | 4 953 902,60 | 0,00 | 15 403 078,40 | |
| Жалға алынған активтер | 500 | 20 356 981,00 | 0,00 | 4 953 902,60 | 0,00 | 15 403 078,40 | 0,00 |
| Жауаптылықпен сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар | | 20 369 488,90 | 0,00 | 4 955 319,20 | 0,00 | 15 414 169,70 | 0,00 |
| Қатаң есептегі бланктер | | | | | | | |
| Төлеуге қабілетсіз дебиторлардың есептен шығарылған берешегі | 610 | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қайтарылмаған материалдық құндылықтар үшін оқушылар мен студенттердің берешегі | 620 | | | | | | |
| Кепілі спорттық жүлделері мен кубоктары | 630 | | | | | | |
| Жолдамалар | 640 | | | | | | |
| Әскери техниканың оқулық құралдары | 650 | | | | | | |
| Мәдени мұра активтері | 660 | | | | | | |
| Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүлік меншігіне айналдырылған (түскен) бағаланған | 670 | | | | | | |
| Қызметкерлердің оқыту қарызы | 680 | | | | | | |
| Мәдени мұра активтері | 690 | | | | | | |
| Мемлекеттік мүлікке аайналдырылған (түскен) мүлік | 700 | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК